ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 6 желтоқсан 5265-24-00-2/3471 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Сейтжанұлы,
сот отырысының хатшысы Б.Ә.Тасманның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Alliance Equipment (AE)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі И.С.Нургазинова
жауапкердің өкілі Б.Б.Койшиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 6 ақпанда тараптар арасында 5 999 000 (бес миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың) теңгеге атмосфераның физикалық параметрлерін өлшеу және тіркеу үшін Метеорологиялық аспапты жеткізу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы №20-24-К шарты жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарт бойынша тауарларды жеткізу өтінім алған күннен бастап 2024 жылғы 01 шілдені қоса алғанға дейін жеткізу керек еді.

Алайда, жауапкердің тарапынан тауар белгіленген мерзімде жеткізілмеген.

Талап қоюшы жауапкер «Alliance Equipment (AE)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін Метеорологиялық аспапты жеткізу бойынша

мемлекеттік сатып алу туралы №20-24-К санды келісім шарты негізінде тауарды белгіленген мерзімде жеткізбеуіне байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер өз пікірінде 06 ақпан 2024 жылғы №20-24-К жасалған санды келісім шарттың міндеттемелерін орындау мақсатында, 15 шілде 2024 жылы «Жел бағытының датчигі Thies First Class: 4.3151.00.001» жеткізілгенін. Талапкер аккредитациядан өткен зертханасы бар екеніне қарамастан, Датчиктерге «поверка» тексеруін жүргізуге мүмкіндігі бола тұра үш күн өте 18 шілде 2024 жылы Датчиктерге тексеруін өткізіп беру жөнінде, ауызша талап қойылғанын. Қазақстан бойынша және жақын орналасқан ТМД елдерінен Датчиктерге поверка тексеруін жүргізуге мүмкіндіктері жоқ екендігі анықталғанын. Келісім шарт талаптарын орындау мақсатында барлық мүмкін амалдарды қолдану мақсатында Датчиктерге поверка тексеру жүргізуі және калибрлеуді жүргізу әдістемесілерінің мәні бойынша бір-біріне ұқсастығына байланысты, 29 тамыз 2024 жылы Датчиктерді сәйкесінше Калибрлеу жүргізу жөнінде сертификатымен бірге қолма-қол тапсыруға әрекет жасалғанын, бірақ Калибрлеу Поверка тексеруіне сәкес келмейді деп, талап қоюшы тауарды қабылдаудан бас тартқанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талапты қолдап, талап қоюында көрсетілген уәждерінің негізінде, соттан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындамай, пікірде көрсетілген мән-жайлардың негізінде, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік

Документ подписан: Сейтжанұлы С., 11.12.2024
Дата вступления в законную силу: 27.01.2025, судья Сейтжанұлы С., 29.01.2025
5265-24-3-6/365

сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Шарттың 3.1-тармағының 1), 3) тармақшаларына сәйкес, Жауапкер Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық көлемде және тиісінше орындауға, Техникалық ерекшелікке сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді.

АК-нің 272-бабына сәйкес, міндеттеме міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс

Жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, белгіленген мерзімде тауар жеткізбеген.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Alliance Equipment (AE)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Alliance Equipment (AE)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403,404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Документ подписан: Сейтжанұлы С., 11.12.2024
Дата вступления в законную силу: 27.01.2025, судья Сейтжанұлы С., 29.01.2025
5265-24-3-6/365

Судья **С.Сейтжанұлы**

Документ подписан: Сейтжанұлы С., 11.12.2024

Дата вступления в законную силу: 27.01.2025, судья Сейтжанұлы С., 29.01.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»